

Тау-кен саласының кейбір ұйымдары акцияларының мемлекеттік пакеттерін жекешелендіру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 7 сәуірдегі N 312 Қаулысы

Тау-кен саласына инвестицияларды тарту мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) коммерциялық тендерде, қор биржасында жарғылық капиталдың 40 (қырық) пайызы мөлшерінде "Васильков алтыны" бірлескен кәсіпорны" және жарғылық капиталдың 33,3 (отыз үш бүтін оннан үш) пайызы мөлшерінде "Ақбақай тау-кен металлургия комбинаты" акционерлік қоғамдары акцияларының мемлекеттік пакеттерін сатуды жүзеге асырсын;

2) осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдасын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі